

11. Jampeisova K.K., Han N.N., Kolumbaeva Ş.J. Professionalnyi portret uchitelya XXI veka//Vestnik KazNPU im. Abaya ser. Pedagogicheskie nauki №1(61), 2019 g. – С. 3-13.
12. Volkov YU.G. Ideologiya i gumanisticheskoe buduŭee Rossii. SPb.; Rostov n/D, 1999. S. 40.
13. Sokolov, N.Ya. Teoriya gosudarstva i prava : uchebник / N.Ya.Sokolov, A.A.Fedorchenko, R.V.Şagieva – М. : Prospekt, 2021. – 520 s.
14. Chiglintseva A.A. Osnovnye problemy razvitiya pravovogo gosudarstva v Rossii // Aktualnye issledovaniya. - 2020. - № 10. - S. 61-64.
15. Jukova N.S. Nekotorye osobennosti gosudarstvennoi ideologii v demokraticeskikh gosudarstvax// Aktualnye problemy gumanitarnykh i estestvennykh nauk. Politicheskie nauki. – 2011. – S.4-5. cyberleninka.ru/article/n/nekotorye-osobennosti-...
16. Provedenie zanyatii s primeneniem interaktivnykh form i metodov obucheniya: ucheb. posobie / T.İ.Ermakova, E.G.İvaşkin; Nijegorod. gos. tehn. un-t im. R.E. Alekseeva. – Nijni Novgorod, 2013. – 158 s.
17. Jampeisova K.K., Kiyasova B.A., Kosyugulova A.S. Metodologicheskie aspekty razvitiya adaptivnogo liderstva u buduŭiĭ spetsialistov: pedagogika vyşşego obrazovaniya// Vestnik: KazNPU im. Abaya - Seriya pedagogicheskie nauki №2(66) 2020. – S. 7-14.
18. Slovar inostrannykh slov. 15-e izd., ispr. М.: Rus. yaz., 1988. 608s.]
19. Haken G. Sinergetika: per. s angl. М., 1980. – S. 9.
20. Sinergeticheskii podhod k metateorii v nepreryvnom obrazovanii -/studexpo.ru/121996/filosofiya//.
21. Maintser K. Slojno-sistemnoe myslenie: Materiya, razum, chelovechestvo. Novyi sintez. - М., 2009.
22. Kovalevich M.S. Sotsialno-psihologicheskie i pedagogicheskie problemy professionalizatsii lichnosti: sinergeticheskii podhod [elektronnyi resurs] - Rejim dostupa. - URL: <http://sites.google.com/site/konfep/Home/2-sekcia/kovalevic>.

МРНТИ 14.35.75

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2025.86.2.010>

Г.О.Сейдалиева,<sup>1\*</sup>  Т.К.Ауелгазина,<sup>1</sup>  Т.Ф.Шаймақова<sup>1</sup> 

<sup>1</sup>«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» КеАҚ,  
Алматы қ., Қазақстан

## ЖОО-ДАҒЫ ШЕТ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА РЕФЛЕКСИЯЛЫҚ ТӘСІЛДІ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа

Мақалада білім беру қызметіндегі рефлексиялық тәсілді қолдану жолдары қарастырылып, зерттеушілердің осы бағыттағы зерттеу жұмыстарына талдау жасалды. «Рефлексиялық тәсіл» мазмұнына берілген анықтамалар талданып, оның негізгі құрамдас бөліктері анықталды. Сонымен қатар, мақалада рефлексия ұғымы, оның түрлері мен формалары да айқындалды. ЖОО-дағы ағылшын тілі сабақтарында рефлексивті тәсілді жүзеге асыруға бағытталған, сабақ барысында білім алушылардың танымын дамытуға ықпал ететін және оларға алған білімдерін сәтті талдауға мүмкіндік беретін оқу іс-әрекетінің әдістері де талданды. Осымен байланысты ағылшын тілі сабақтарында рефлексиялық тәсілді жүзеге асырудың тиімді жолдары мен механизмдері анықталды. Көрнекі материалдардың және алдын-ала дайындалған тезистердің көмегімен, сондай-ақ еркін түрде талқылау бойынша бөлінетін рефлексия топтарының мәні ашып көрсетілді.

Қазіргі білім беру процесі оқытушының оқу іс-әрекетінде рефлексивті тәсілдердің жүйелі түрде қолдануын талап етеді. Оқытушының рефлексиялық тәсілді тиімді қолдануы нәтижесінде білім алушылардың танымы кеңейіп, алынған білімді сәтті талдауға бейімделеді. Рефлексивті тәсілді оңтайлы жүзеге асыру кезінде білім алушылар оқу процесіне тікелей қатысуға, атап айтқанда, оқытушының жетекшілігімен өз мүдделері мен мақсаттарына негізделген материалды таңдауға, олардың қазіргі нәтижелерін өткенмен салыстыру қабілетін игере отырып, оқудағы жетістіктерін болжауға мүмкіндік алады.

**Түйін сөздер:** рефлексия, рефлексивті оқыту, рефлексиялық тәсіл, педагогикалық процестегі рефлексия, рефлексивті-бағдарланған педагогикалық білім беру.

Сейдалиева Г.О., <sup>1\*</sup> Ауелгазина Т.К., <sup>1</sup> Шаймақова Т.Ф. <sup>1</sup>

<sup>1</sup>НАО «Казахский национальный педагогический университет имени Абая»,  
г. Алматы, Казахстан


## СПОСОБЫ ПРИМЕНЕНИЯ РЕФЛЕКСИВНОГО ПОДХОДА НА УРОКАХ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА В ВУЗЕ

### Аннотация

В статье рассмотрены пути применения рефлексивного подхода в образовательной деятельности и проведен анализ исследовательских работ исследователей в данном направлении. Проанализированы определения содержания «рефлексивного подхода», определены его основные составляющие. Кроме того, в статье определено понятие рефлексии, ее виды и формы. Проанализированы также методы учебной деятельности, направленные на реализацию рефлексивного подхода на уроках английского языка в вузе, способствующие развитию познавательных способностей обучающихся и позволяющие им успешно анализировать полученные знания. В связи с этим определены эффективные пути и механизмы реализации рефлексивного подхода на уроках английского языка. С помощью наглядных материалов и заранее подготовленных тезисов, а также в свободной форме были раскрыты сущность разделяемых рефлексивных групп по обсуждению.

Современный образовательный процесс требует систематического применения преподавателем рефлексивных подходов в учебной деятельности. В результате эффективного применения преподавателем рефлексивного подхода знания обучающихся расширяются и адаптируются к успешному анализу полученных знаний. При оптимальной реализации рефлексивного подхода обучающиеся получают возможность непосредственно участвовать в учебном процессе, в частности, под руководством преподавателя выбирать материал, основанный на собственных интересах и целях, прогнозировать свои успехи в обучении, приобретая способность сравнивать свои текущие результаты с прошлыми.

**Ключевые слова:** рефлексия, рефлексивное обучение, рефлексивный подход, рефлексия в педагогическом процессе, рефлексивно-ориентированное педагогическое образование.

Seidaliyeva G., <sup>1\*</sup> Auelgazina T., <sup>1</sup> Shaimakova T. <sup>1</sup>

<sup>1</sup>NJSC «Abai Kazakh National Pedagogical University», Almaty, Kazakhstan

## WAYS TO USE THE REFLECTIVE APPROACH IN FOREIGN LANGUAGE LESSONS AT UNIVERSITIES

### Abstract

The article examines the ways of using the reflective approach in educational activities and analyzes the research work of researchers in this direction. The definitions given to the content of the "reflective approach" are analyzed and its main components are identified. In addition, the article also defined the concept of reflection, its types and forms. Methods of educational activity aimed at implementing a reflective approach in English lessons at the University, which contribute to the development of students' knowledge during the lesson and allow them to successfully analyze the knowledge gained, were also analyzed. In connection with this, effective ways and mechanisms for implementing a reflective approach in English lessons have been identified. With the help of visual materials and pre-prepared theses, as well as in a free form, the essence of the groups of reflections, divided by discussion, was revealed.

The modern educational process requires the systematic use of reflective approaches by the teacher in educational activities. As a result of the effective use of the reflective approach by the teacher, students' cognition expands and adapts to the successful analysis of the acquired knowledge. With the optimal implementation of the reflective approach, students have the opportunity to directly participate in the educational process, in particular, to select material based on their interests and goals under the guidance of a teacher, to predict their success in Learning, Mastering the ability to compare current results with the past.

**Keywords:** reflection, reflexive learning, reflexive approach, reflection in the pedagogical process, reflexively-oriented pedagogical education.

**Кіріспе.** Жалпы рефлексия - көп қырлы процесс. Өйткені бағалауды тек жеке тұлға ғана емес, сонымен қатар қоршаған ортадағы кез келген қоғам мүшелері жүргізуі ықтимал.

Осы орайда педагогикалық сала табиғаты бойынша рефлексиялық практиканы тиімді қолданатын қызмет түрі. Педагогикалық аспектідегі рефлексияның мәні (Дж.Дьюи, С.Л.Рубинштейн, Б.В.П.Зинченко, В.А.Лефевр, А.Н.Леонтьев, О.С.Анисимов) түрлі сипатта тұжырымдалады.

Педагогикалық рефлексияны қалыптастыру мен оның мазмұнын зерттеу мәселелері Л.М.Митина, В.А.Сластенин, Ш.Т.Таубаева, А.И.Зимняя, К.Я.Вазина, Ю.Н.Кулюткин, А.Я.Найн, Л.С.Подымова, С.С.Кашлев, Б.З.Вульфов, В.Н.Харькин, Г.И.Давыдова, С.Ю.Степанов, И.Н.Семенов, И.А.Стеценко, Н.В.Кузьмина, А.А.Реан, Е.И.Рогов, Л.М.Митина, И.Б.Котова, Е.П.Шиянов, В.В.Краевский, К.С.Куракбаев, К.А.Вартазарян, Н.Я.Сайгушев, О.А.Веденева, Г.И.Ишмуллина тәрізді ғалымдар мен зерттеушілердің ғылыми еңбектерінде өзекті проблема ретінде көтеріліп, кешенді талдау жасалынған.

Ал рефлексияның түрлері, деңгейлері мен қызметтерін қарастырумен И.В.Муштавинская, О.В.Курбатова, Л.Б.Красноперова, С.А.Солдатенко, И.Н.Семенов, С.Ю.Степанов, Н.И.Гуткина, Т.А.Морозова, И.С.Ладенко, О.Н.Саковская, Е.В.Забелина, О.И.Каяшева, З.Г.Ханова т.б. ғалымдар мен зерттеуші-практиктер жүйелі түрде айналысады.

ЖОО студенттерінің шет тілінде сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда рефлексивті тәсілді қолданудың ерекшеліктері Дж.Дьюи, Г.В.Ступакова, Л.С.Бурдякова, М.С.Рець, О.В.Володина, Л.В. Яроцкая т.б. ғалымдар еңбектерінде тұжырымдалған.

Рефлексияны қызметінің барлық аспектілерінде қолдану арқылы әрбір педагог кәсіби және жеке дамуын жүзеге асырады. Жүйелі түрде қолданылатын рефлексия педагог үшін психологиялық-педагогикалық зерттеудің қуатты құралы және өзінің жеке дамуын өзектендіретін фактор бола алады. Өз қызмет саласында рефлексиялық тәсілді қолдануды күнделікті дағдысына айналдырған педагог – ойлау, талдау процесінде креативтілікке басымдық беретін әрі төл тәжірибесін зерттейтін білікті маман болып табылады.

Жалпы әр педагогтің қызмет объектісі – білім алушылар болып табылады. Демек, педагогтің іс-әрекеті оқу процесін ұйымдастыруды жоспарлаудан және бақылаудан тұрады. Кез келген педагогикалық міндеттер - бұл білім алушылардың іс-әрекетін жоспарлау, реттеу және бақылау дағдыларын жүзеге асыру сияқты маңызды іс-әрекеттерді жүргізуге негізделген.

Қазіргі уақытта білім беру процесінің маңызды құрамдас бөлігі рефлексия болып табылады. Сондықтан рефлексия сабақтың қосымша бөлігі емес, оқу процесін жетілдіретін және білім алушының жеке басын анықтайтын толыққанды компонент екендігі белгілі. Оқу процесінде педагогтер рефлексияның мазмұнына және оның психологиялық-педагогикалық дағдыларды қалыптастырудағы рөліне, сондай-ақ оның механизміне ерекше назар аударады. Себебі рефлексия ғылыми-танымдық және практикалық қызмет тәсілдерін қалыптастырудың шарты ретінде әрекет етеді.

*Негізгі ережелер.* Педагогикалық сала табиғаты бойынша рефлексиялық практиканы тиімді қолданатын қызмет түрі. Рефлексия орындалған іс-әрекеттің нәтижелерін айқындау мен оның тиімділігін арттыру мақсатындағы жүргізілетін зерттеу қызметін білдіреді. Демек, педагогикалық қызметті жүзеге асыруда рефлексивті компоненттің маңызы зор. Педагогикадағы рефлексия – бұл бірлескен іс-әрекетке негізделген көпқырлы процесс, өйткені мұнда процеске қатысушы субъектілердің даму, өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі бағалау әрекеті ғана емес, сонымен қатар әрбір білім алушының жеке тұлғасын дамытуға бағытталған өзара бағалау да жүзеге асырылады. Осы орайда жоғары оқу орындарында шет тілінде сөйлеу дағдыларын дамытуда рефлексивті тәсілді қолдану – білім берудің сапасын арттыруға бағытталған тиімді педагогикалық құрал. Сондықтан студенттердің шет тілінде сөйлеу дағдыларын дамытуда рефлексивті тәсілді қолданудың ерекшеліктерін жоғары білімнің оқыту процесінде жүріп жатқан маңызды жаңарулармен байланыстыра қарастыру терең ғылыми зерттеулерге негіз болар тың мәселелер.

Ұсынылып отырған зерттеудің мақсаты - рефлексивті тәсілді жүзеге асырудың ғылыми-теориялық негіздерін анықтау және жоғарғы оқу орындары студенттерінің шет тілінде сөйлеу дағдыларын дамытудың тиімділігін тәжірибеде қолдану. Сәйкесінше шет тілі сабақтарында рефлексиялық тәсілді қолдану жолдары проблемасының негізгі идеясы – білім алушылардың тілдік дағдыларын тереңдетіп, олардың ойлау, өзіндік талдау және бағалау қабілеттерін дамыту үшін рефлексиялық әдістерді тиімді қолдану болып табылады.

Рефлексивті тәсілді тиімді қолдану білім алушылардың тұлғасын кәсіби дамытуға, сонымен қатар студенттердің шетел тілін меңгеру дағдыларын қалыптастыруда тек тілдік дағдыларды дамытуға ғана емес, сыни ойлауын, оқу процесін тереңірек түсінуіне және оқыту стратегиясын жақсартуға көмектеседі. Бұл тәсіл білім алушылардың өзін-өзі тануына, оқу үдерісіне белсенді қатысуына және сыни ойлау қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

**Материалдар мен әдістер.** Осы зерттеу жұмысында біз ғалымдардың еңбектеріне сараптама жасай отырып, «рефлексия», «рефлексиялық тәсіл» ұғымдарын қарастырып, отандық, шетелдік әдебиеттерді сараптап, олардың мазмұнына талдау жасадық. Сонымен қатар ЖОО -дағы «Шет тілі» пәнін оқыту барысында білім алушылардың қойылған мақсаттарға жетуі мен практикалық міндеттерді шешуі үшін оны технологиялық тұрғыдан игеруге және түрлендіруге мүмкіндік беретін рефлексиялық тәсілдің шарттарын ашып көрсеттік. Болашақ педагогтердің шет тіліндегі коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыру процесінің педагогикалық шарттарының кешенінің негізін құрайтын әмбебап шарттарды да атап көрсетіп, олардың құрамына талдау жасадық.

Зерттеудің әдіс-тәсілдерін педагогика ғылымындағы жалпы теориялық әдістер (зерттеу мәселесі бойынша ғылыми әдебиеттерді зерттеу және талдау, жүйелеу, жалпылау, ғылыми-әдістемелік материалдарды салыстырмалы талдау); эмпирикалық әдістер (сауалнама, модельдеу, анықтау, қалыптастыру және бақылау эксперименті) құрайды.

**Нәтижелер мен талқылау.** Зерттеудің нәтижелеріне деректерді өңдеу және тақырыпқа байланысты қазақстандық және шетелдік авторлардың іргелі ғылыми жұмыстарына талдау жасай отырып, студенттерінің шет тілінде сөйлеу дағдыларын дамытуда рефлексивті тәсілді жүзеге асырудың *тәжірибелерін пайдалану арқылы қол жеткіздік.*

Рефлексивті көзқарас білім беру саласында бірден пайда болған жоқ. Оның қалыптасуына көптеген танымал философиялық және психологиялық-педагогикалық теориялар әсер етті (Ж.Ж.Пиаже, Л.С.Выготский, Дж. Дьюи, Дж.Брунер, К.Роджерс, Д.Шон, Д.Колб, П.Джарвис, С.Брукфилд). «Рефлексия» құбылысы бастапқыда философия ғылымында қалыптасып, бұл адамның өз санасында болып жатқан барлық әрекеттер туралы ойлау процесін білдірді.

Біздің заманымызда рефлексия ұғымы қоғам мүшелерінің әртүрлі қызмет салаларында кездеседі, сонымен қатар ғылым, психология, философия, педагогика, конфликтология және т.б. әртүрлі ғылыми салаларда кеңінен қолданылады.

Қоғамның сан алуан салаларында рефлексия іс-әрекет контекстінде және қызмет теориясының құралдары тұрғысынан қарастырылады. Бұл ретте рефлексия іс-әрекеттегі процесс және ерекше құрылым; рефлексия іс-әрекет схемаларын жүзеге асыру принципі тәрізді аспектілер зор маңызға ие болып келеді.

Осы орайда шығармашылық, ақыл-ой іс-әрекетіндегі рефлексияның рөлі мақсат қоюдан, субъектінің ситуациялық ерекшеліктер негізінде өзіне барабар талаптарды белгілеуі мен реттеуінен тұрады.

Американдық философ, психолог және ағартушы Дж. Дьюи ХХ ғасырда «рефлексия» ұғымын психологиялық-педагогикалық құбылыс ретінде зерттеудің негізін қалаған болатын.

Жалпы ғалымдар өз зерттеу жұмыстарында рефлексияның әр түрлі қырын қарастырады. Өз кезегінде Қ.О.Қазиев рефлексия қазіргі ғылымның маңызды категориясы және педагогикалық қызметтің ажырамас құрамдас бөлігі болып табылады дей келе, рефлексияның «субъектінің өз қызметін әртүрлі аспектілерде түсінуін, өз қызметін бағалауды және оның себептерін талдауды, мүмкін болатын салдарын болжауды, өзін-өзі дамытатын тұлғаның дербестігі мен бірегейлігін қалыптастыруды қамтамасыз ететінін» атап көрсетеді [1, 38-6].

Осы орайда Н.В.Маркова концепциясы да назар аударуға тұрарлық, ол рефлексияны «өзінің іс-әрекеттері мен олардың заңдарын түсінуге бағытталған теориялық қызметтің түрі және адамның рухани әлемінің ерекшелігін ашып, оны басқалар қалай қабылдайтынын түсінуге бағытталған өзін-өзі тану қызметі» деп түсіндіреді [2, 27-6]. Зерттеуші рефлексия құрылымындағы жеке тұлғалық және заттық екі құрамдас бөлікті бөліп көрсетеді. Жеке тұлғалық деңгейде адам өзін-өзі, ал заттық деңгейде өз қызметін жете түсінеді.

Н.В.Маркованың тұжырымына отандық педагог ғалым А.С.Амированың көзқарасы сәйкес келеді. Ғалым рефлексияны тұлғаның өзін, басқаны түсіне алуы, өзін бағалауы және басқаға баға бере алуы дей келіп, оның ең алдымен шығармашылық іс-әрекетті зерделеуде, оның тетіктерін анықтауда және шешуде маңызды рөл атқаратындығына мән береді [3, 55-6]. Демек, қандай да бір шығармашылық іс-әрекетті нәтижелі түрде жүзеге асыру оған жіті талдау жасау мен ой елегінен өткізіп, жетілдіруге байланысты деп тұжырым жасауға болады.

Белгілі педагог ғалым Ә.Е.Жұмабаева «Рефлексиялық үдеріс – талдау, жинақтау, салыстыру, қорытындылау сияқты кезеңдерден тұрып, соның негізінде жаңа жоспарлар құра алуға жеткізеді», - деп тұлға іс-әрекеті арқылы рефлексия маңызды кезеңдерді жүргізу нәтижесінде соны тұжырымдар жасауға жол ашады деген ұйғарым жасайды [4, 33-6].

Отандық әдіскер ғалым А.Әлімов «Тұлғаның білімді болуы бүгінде жеткіліксіз. Білім беру, алу жүйесінің басты мақсаты – өзіне өзі есеп беріп, ойлары мен әрекеттерін талдай білетін, өзін өзі бағалай алатын, өзінің мүмкіншіліктері мен қабілеттерін жүзеге асырып, өркендей білетін, өз өмірі мен әрекеттерін жоспарлай алатын, жауапкершілігі жоғары тұлға қалыптастыруға мейлінше тиімді жағдайлар жасау. Мұндай рефлексиялық қасиеттерді қалыптастырған тұлға ғана жаңа Әлем жағдайында өмірдегі өз орнын тауып, қоғам игілігіне нәтижелі еңбегімен қызмет жасауы мүмкін», - деп бойына рефлексиялық қасиеттерді тоғыстырған тұлға өмірде жетістікке жетіп, «табысты тұлға» деңгейіне көтерілуі ықтимал деген тұжырымын ұсынады [5, 44-6].

Доцент Т.Б.Кенжебаева «Рефлексия – болашақ мұғалімнің зияткерлік әлеуетін дамытудың негізгі тетігі, әрі кәсіби іс-әрекетіне сын көзбен қарап, объективті баға беруі және өзін іске асыруға, кәсібиліктің шыңына жетуге итермелейді», - деп рефлексияның адамның тұлғалық болмысы мен қабілетін арттыруға тигізетін ықпалын атап көрсеткен [6, 63-6].

Зерттеу тақырыбы бойынша дереккөздерді талдай отырып, рефлексия ұғымына жоғарыда берілген анықтамаларды жинақтап, қорытындылай келе зерттелуші тақырыпқа өзіндік түсінігімізді білдіреміз. Сонымен, рефлексия дегеніміз – бұл тұлғаның өзін-өзі тану күйі мен қабілетін дамытуға бағытталған танымдық және практикалық қызметінің мазмұнын түсіну, бағалау мен қоршаған әлеммен өзара әрекеттесу қызметі. Сондай-ақ, рефлексия - бұл адамның өзін-өзі тануы тұрғысынан белсенділік қабілеті, оның шынайы өмір салтының негізгі әрі нақты механизмі, сондай-ақ, іс-әрекетті және оның нәтижелерін талдау процесі.

Осымен байланысты педагогикалық тұрғыдан алғанда, рефлексия - бұл қызметтің ажырамас бөлігі, оны жетілдірудің қажетті шарты. Рефлексияның мәні жеке тұлғаны түсінудің, тәжірибенің, адам қызметінің әртүрлі салаларымен байланысты қатынастарды бағалаудың бірегей тәжірибесінде жатыр. Сондықтан, рефлексия бұл өткенді түсінуді және болашақты жобалауды қамтамасыз ететін, сол себептен педагогикалық практикада таптырмас механизм болып табылады.

Педагог білім алушылардың жан-жақты дамуына жағдай жасау үшін педагогикалық процесті ұйымдастырып, жүзеге асыратын маңызды тұлға. Педагогикалық рефлексия педагогикалық процеске қатысушыларды өзара бағалауды, өзара әрекеттесуді, мұғалімнің ішкі әлемі мен білім алушылардың даму жағдайын бейнелеуді қамтиды.

Педагогикалық процестегі рефлексия - бұл педагогикалық жағдайды жүзеге асыруға ықпал ететін оқушылар, педагогтар, педагогикалық процеске қатысушылардың даму шарттары, қоршаған орта, мазмұн, педагогикалық технологиялар және т.б. педагогикалық өзара іс-қимыл субъектілерінің өзін-өзі сәйкестендіруі жағдайында қалыптасқан педагогикалық ахуал болып табылады (сурет -1).



Сурет 1 - Педагогикалық процестегі рефлексия құрылымы

Осы орайда білім беру процесіндегі рефлексия - бұл әр студенттің жеке басын дамытуға бағытталған оқытушылар мен білім алушылардың бірлескен іс-әрекетін жетілдіруге мүмкіндік беретін жүйелі қызметі болып табылады. Өз кезегінде рефлексияны сабақтан кейін де, белгілі бір тақырыпты немесе бөлімді оқығаннан кейін де қолдануға болады.

Педагогикалық процесте рефлексия белгілі бір функцияларды атқарады. Сәйкесінше, рефлексия, біріншіден, адамға өзінің іс-әрекетін саналы түрде жоспарлауға, реттеуге және басқаруға мүмкіндік береді; екіншіден, ойлардың ақиқатын ғана емес, сонымен бірге олардың логикалық дұрыстығын да бағалауға мүмкіндік береді; үшіншіден, рефлексия проблемаларды шешудің нәтижелерін жақсартып қана қоймай, онсыз мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

Білім беру процесінде жеке тұлғаның рефлексиялық мәдениетін қалыптастыру мен оның рефлексиялық іс-әрекет тәжірибесіне қол жеткізуіне рефлексияны ұйымдастырудың арнайы әдістері мен технологияларын қолданудың маңызы ерекше.

Рефлексиялық технологиялар төмендегідей төрт түрге бөлінеді.

Кооперативті рефлексия. Осы типтегі рефлексивті жаттығулар ұжымдық қызметті жобалауды және қызмет субъектілерінің бірлескен іс-қимылдарының кооперациясын қамтамасыз етеді. Бұл механизмнің көрінуінің процедуралық сәттеріне емес, рефлексияның нәтижелеріне баса назар аударылады.

Коммуникативті рефлексия. Ол коммуникативті актінің, тұлғааралық қабылдаудың маңызды құрамдас бөлігі ретінде әрекет етеді және адам танымының ерекше сапасы ретінде сипатталады.

Жеке рефлексия. Осы топтың әдістері мен жаттығулары субъектінің жеке іс-әрекеттерін, жеке тұлға ретіндегі өзіндік бейнесін талдауға, жеке стереотиптерді (әрекет үлгілерін) сынақтан өткізуге және қайта қарауға қабілеттілік пен қажеттілікті қалыптастырады.

Интеллектуалды рефлексия. Бұл жаттығулар тобы ақпаратты өңдеудің когнитивті процесстерін ұйымдастыру мәселелерін шешуге және типтік және ерекше міндеттерді шешуге арналған оқыту құралдарын жасауға бағытталған [7, с.10-11].

Сонымен қатар педагогикалық процесте рефлексия келесі функцияларды орындайды:

- жобалау (педагогикалық процеске қатысушылардың қызметін жобалау және модельдеу);
- ұйымдастырушылық (бірлескен қызметте өзара әрекеттесудің тиімді әдістерін ұйымдастыру);
- коммуникативті (педагогикалық процеске қатысушылардың нәтижелі қарым-қатынасының шарты ретінде);
- мағыналық шығармашылық (іс-әрекет пен өзара әрекеттесудің мағынасын қалыптастыру);
- мотивациялық (бағытты анықтау нәтижеге педагогикалық процеске қатысушылардың бірлескен қызметі);

- түзету (өзара іс-қимыл мен қызметтегі өзгерістерге бағыттау);
- ретроспективті функция (жинақталған білімді сыни талдау, жалпылау және жүйелеу);
- сындарлы (мақсаттарды, бағдарламаларды, қызмет құралдарын әзірлеу) [7, 10-б].

Оқу процесіндегі рефлективті дамудың тиімділігіне әсер ететін маңызды фактор - бұл рефлексия формаларының алуан түрлілігі болып саналады. Білім беру рефлексиясының формалары төмендегідей әртүрлі болып келеді:

– ауызша формалар: ауызша талқылау, әңгіме, болып жатқан өзгерістер бойынша мәлім-деме, сауалнама;

- ауызша емес формалар: эссе, жазбаша сауалнама, болып жатқан өзгерістердің графикалық немесе сызбалық бейнесі (сурет – 2).



Сурет 2 - Білім беру рефлексиясының формалары

Қазіргі уақытта білім беру процесінің шеңберіндегі рефлективті әдістерді, сондай-ақ олардың білім алушының жетістігіне және оның оқу дағдыларына әсерін зерттеу үшін көбірек зерттеулер жүргізілуде. Рефлективті тәсілдің өзі оқытушы мен білім алушының өзара әрекеттесуі болып табылады, онда студенттің жеке қасиеттері ескеріліп, оның тәжірибесі талданады, оқытушы мен білім алушының рефлексиялық дағдыларды дамытуға бағытталған сенімді және өнімді қарым-қатынасы жүзеге асады. Осы орайда рефлексиялық тәсілдің міндеті – білім алушыға кез келген жағдайда эмоциясын басқаруды үйретуге және оның өзінің күшті және әлсіз жақтарын ұтымды түрде түсінуіне, сондай-ақ өз күшіне сенуіне көмектесу болып табылады.

Зерттеуші С.С. Зорин «Формирование творческого пространства и потенциала у детей в системе образования» атты мақаласында рефлективті тәсілдің келесі сипаттамасын береді: «Білім берудің маңызды мақсаты - балалардың шығармашылық әлеуетін қалыптастыру және рефлективті-шығармашылық тұлғаны дамыту, ол үшін шығармашылық (креативті) білім беру ортасын және өзінің шығармашылық әлеуетін табысты іске асыру үшін әлеуметтік-мәдени шығармашылық кеңістікті құру қажет» [8, 48-51-б].

Осылайша, рефлексиялық тәсіл білім алушылардың есте сақтауын, зейінін, қиялдау қасиеттерін дамытуға ықпал етеді деп тұжырым жасауға болады. Осы аспектілерге қол жеткізу білім беру процесінде тәрбиелік, оқыту және дамыту тәрізді қосымша мақсаттармен қамтамасыз етіледі.

Г.В.Ступакова «Реализация рефлексивного подхода при обучении английскому языку в условиях модернизации образования» мақаласында рефлективті тәсілдің іске асырылуын былайша сипаттайды: рефлективті тәсілді іске асыруды сипаттау кезінде нәтижеге қол жеткізудің өзгергіштігін атап өту маңызды. Оқытушының білім алушыларға білім беру мақсаттарына қол жеткізуді өздері таңдауға мүмкіндік беруі де маңызды. Осылайша, осы шартты орындау кезінде білім алушылардың тәуелсіз шешім қабылдау қабілеті, өзіндік ойлау қабілеті, өз шешімі үшін жауапкершілікті сезіну, өз мақсаттары мен міндеттерін шеше білу сияқты дағдыларын дамыту туралы айтуға болады. Білім алушылармен қосымша оқу материалын, баяндама тақырыбын және тәуелсіз зерттеу қызметінің нұсқаларын таңдауды талқылауға да болады. Оқытушы үшін бұл жағдайда оларға таңдау еркіндігін беру, білім алушының ойлары мен тілектерін қабылдау және сұрақтарға жауап беру маңызды.

Рефлексивті тұлғаны дамыту үшін оқытушы білім алушыны топтағы басқа студенттермен салыстырмауы тиіс. Ал салыстырған жағдайда, ең алдымен, білім алушының үлгерімі мен алдыңғы нәтижелері ескеріліп, және міндетті түрде оның қаншалықты динамикалық сипатта дамуда екендігіне мән берілуі керек. Осындай жағдайда ғана студент өзінің жетістіктері мен іс-әрекетінің нәтижелерін объективті тұрғыда бағалай алады [9].

Міне, осылайша, жоғары оқу орындарында білім беру бағдарламаларының мазмұнын білім алушыларға меңгерту барысында, әр пәннің өзіндік ерекшеліктерін ескеру маңызды. Осы орайда ЖОО-дағы «Шет тілі» пәнін оқыту кезінде біз американдық психологиялық зерттеулерде ұсынылған Дж. Дьюидің педагогикалық рефлексиясына сүйенеміз. Дж. Дьюи педагогикалық рефлексияның маңыздылығын көрсете отырып, өзінің кәсіби мінез-құлқының негіздерін сыни тұрғыдан түсінуге, оқу процесінде өзінің педагогикалық іс-әрекетінің әсерін болжауға және бағалауға қабілетті стандартты ойлайтын («күнделікті») және рефлексивті педагог арасындағы айырмашылықты ашып көрсетуге түбегейлі қадам жасайды [10].

Отандық ғалым-педагог Ш.Т. Таубаева қазіргі қазақстандық білім берудің басты идеяларының бірі ретінде рефлексивті мәдениетті дамыту қажеттігін атап өтті [11].

Әлемдік білім беру практикасында болашақ шет тілі мұғалімінің кәсіби дайындық жүйесінде рефлексивті-бағдарланған әдістеме мен рефлексивті практикумның қажеттілігі қазірдің өзінде аксиома болып табылады. Сәйкесінше, ЖОО-дағы «Шет тілі» пәнін оқыту кезінде коммуникативті құзыреттілікті қалыптастыру тек жеке тұлғаға бағытталған және жүйелік-іс-әрекетке негізделген жағдайда жүзеге асырылуы маңызды.

Сондықтан студенттерге ағылшын тілін оқытуда келесі мақсаттарға сүйенудің мәні зор:

- шет тіліндегі коммуникативтік құзыреттілікті оның жиынтығындағы құрамдас бөліктерді ескере отырып дамыту;

- білім алушылардың сөйлеу, тілдік, әлеуметтік-мәдени, мәдениетаралық, компенсаторлық, оқу-танымдық құзыреттілігін жетілдіру;

- білім алушылардың жеке басын дамыту;

- әмбебап, соның ішінде жеке, танымдық, реттеушілік, коммуникативті оқу іс-әрекеттерін қалыптастыру және дамыту.

Осыған байланысты қазіргі заманғы шет тілі сабағын өткізуде келесі міндетті талаптар қойылады:

- сабақтың мақсатын нақты анықтау;

- оқу бағдарламасының талаптары мен сабақтың мақсаттарына сәйкес келетін сабақтың ең оңтайлы мазмұнын құрастыру, сондай-ақ білім алушылардың дайындық деңгейін ескеру;

- білім алушылардың ғылыми білімді игеру деңгейін болжау, тек сабақта ғана емес, оның әртүрлі кезеңдерінде де дағдыларды қалыптастыру;

- оқытудың қолайлы әдістерін, құралдары мен тәсілдерін таңдау, сондай-ақ сабақтың әрбір кезеңінде білім алушыларға олардың неғұрлым тиімді формаларын қолдану арқылы оларды ынталандыру және бақылау;

- сабақтағы ең ұтымды және тиімді жұмыс түрін таңдау, білім алушылардың танымдық белсенділігін қамтамасыз етуге арналған басым дербес жұмысын жүргізу;

- проблемалық және дамытушылық сабақты өткізуге тырысу қажет, яғни оқытушы білім алушылармен ынтымақтастыққа бейімделеді, сондай-ақ оларды оқытушымен және басқа қатарластарымен жұмыс істеуге бағыттайды;

- оқытушы проблемалық және ізденушілік жағдайларын ұйымдастырады, білім алушылардың қызметін жандандырады;


- білім алушылардың табысты оқуына жағдай жасауға әрекеттенеді [12].

Жалпы ЖОО-дағы «Шет тілі» пәнін оқыту барысында тұрақты қолданылатын жүйелік-белсенділік тәсіліне сәйкес қарым-қатынасты оқыту шет тілін тыңдау, мәтіндерді оқу, жазу және сөйлеу сияқты нәтижелі жұмыс түрлерін орындау барысында жүзеге асырылуы маңызды. Айта кетерлік жайт, аталған іс-шаралар міндетті түрде қойылған мақсат ретінде емес, жеке маңызды міндеттер мен мәселелерді шешуге арналған әдіс ретінде қарастырылуы

керек. Оқу процесі кезінде қолданылатын тұлғаға бағытталған немесе тұлғалық-белсенділік тәсілі (Learner-centred approach) білім алушылардың жеке даму ерекшеліктерін ескере отырып, жүзеге асыруға негізделген. Өз кезегінде, оқытушының әрбір білім алушыны өзіндік ерекшелігі, әртүрлі мінез-құлық белгілері, қызығушылықтары мен бейімділігі бар тұлға ретінде қабылдауының мәні айрықша. Өйткені, кез келген білім алушының ағылшын тілін меңгеруі үшін оған ыңғайлы тәсілдерді қолданудың маңызы зор.


*Практикалық кейс 1*

Ағылшын тілі оқытушылары арасында сөйлеу дағдыларын бағалауда рефлексивті тәсілді қолданудың тиімділігі мен жиілігін анықтау мақсатында оны қолдану практикасын және білім беру процесіне қатысушылардың қабылдауын зерттеуге бағытталған сауалнама жүргізілді. Жалпы сауалнамаға бастауыш мектеп, орта мектеп, колледж және университет ұстаздары және дайындық курстарының тьюторлары қатысты (сурет - 3).




Сурет 3 - Сауалнамаға қатысушылардың жұмыс істейтін мекеме түрі

Сауалнама нәтижелері рефлексивті оқыту тәсілін ағылшын тілі оқытушыларының көпшілігі белсенді қолданатынын көрсетті (сурет - 4).




Сурет 4 - Сауалнамаға қатысушылардың рефлексивті тәсілді қолдану жиілігі

Олар рефлексивті тәсілді сөйлеу дағдыларын дамытудағы және тәуелсіз ойлауды ынталандырудағы жоғары тиімділігін белгіледі. Респонденттердің көпшілігі рефлексивті тәсіл оқу процесін нақтырақ түсінуге, оны құрылымды және саналы түрде оқуға көмектесетінін атап өтті. Бұл деректер рефлексивті тәсілдің білім беру қызметінің сапасын жақсарту құралы ретіндегі маңыздылығын растайды (сурет - 5).



Сурет 5 - Сауалнамаға қатысушылардың рефлексивті тәсілдің тиімділігін бағалауы

Сауалнамаға қатысқан ағылшын тілі оқытушылары сөйлеу дағдыларын дамытуда келесі әдістерді ең тиімді деп бағалады (сурет - 6).




Сурет 6 - Сөйлеу дағдыларын дамытудағы ең тиімді рефлексивті әдістер

Осы әдістерді қолдану негізінде олардың практикалық құндылығы мен білім беру қызметіндегі табыстылығын растайтын келесі нәтижелер алынды:

- Ауызша сөйлеуге деген сенімділіктің артуының арқысында студенттер пікірталастар мен диалогтарға қатысқан кезде өздерін сенімді сезіне бастады.
- Өзін-өзі бағалау арқылы қатысушылар ауызша сөйлеудегі қателіктерін талдауды және оларды өз бетінше түзетуге дағдыланды.
- Рефлексияны қолдану студенттерге белсенді лексикадағы кемшіліктерді байқауға және сөздік қорды дамытуға мотивация берді.
- Ойлардың құрылымдық көрінісін дамыту арқылы оқушылар презентацияның логикасы мен дәйектілігін бақылай отырып, сөйлеуді жақсы ұйымдастыра бастады.
- Рефлексивті тәсілдерді қолдана отырып қатысушылар грамматикалық, лексикалық және фонетикалық қателіктерді аз жібере бастады.

Дегенмен, зерттеуге қатысушылар рефлексивті оқыту тәсілін қолданумен байланысты кейбір қиындықтарды атап өтті. Олардың ішінде рефлексияға қосымша уақыттың қажеттілігі, өз қателіктерін тұжырымдау мен талдаудағы қиындықтар, сондай-ақ кейбір оқушылардың сөйлеу әрекеттерін өз бетінше түсінуге жеткіліксіз дайындығы ерекшеленеді. Бұл аспектілер процесті оңтайландыру үшін қосымша әдістемелік нұсқауларды әрі қарай зерттеуді және әзірлеуді талап етеді (сурет - 7).



Сурет 7 - Рефлексивті тәсілді қолдануда туындаған қиындықтар

### Практикалық кейс 2

Рефлексивті оқыту тәсілінің тиімділігін бағалау үшін біз бір айлық тәжірибемізді өткіздік. Эксперименттің мақсаты рефлексивті тәсілдің практикалық маңыздылығын тексеру және оның сөйлеу дағдыларын дамытуға әсерін анықтау болды. Зерттеу аясында қатысушыларға тапсырмаларды орындау ғана емес, сонымен қатар олардың оқу процесі мен нәтижелері туралы кейінгі талдау мен рефлексияны қажет ететін жаттығулар ұсынылды. Біз 9 сыныпта оқитын 32 оқушыларды екі топқа 16 адамнан бөліп, әр топқа жеке нұсқаулықтар бердік. Оқушылардан бір ай бойы, аптасына екі рет әр түрлі тақырыптар бойынша қысқаша монолог жүргізу талап етілген болатын. Оқушыларға төрт аптаға «My favorite book and why», «My

future profession», «My planet Earth», «The role of technologies» секілді төрт тақырыптар берілді. Бірінші зерттеу тобына әр монологты бейнебаянға түсіріп, кейін оған талдау жасау тапсырылды. Екінші зерттеу тобындағы оқушыларға әр апта сайын екі рет берілген тақырып туралы сөйлеу тапсырылды.

Тәжірибенің соңында біз тәуелсіз t-test-ті қолдана отырып бірінші зерттеу тобы мен екінші зерттеу тобының сөйлеу дағдыларын бағалап, олардың нәтижелерін салыстырдық. Тестте 0-ден 100-ге дейінгі ұпайлық көрсеткіші қолданылып, ауызша сөйлеуге деген сенімділіктің артуы, сөйлемдер арасындағы байланыс келісімділігі, оқушының өзіне деген сенімділігі бағаланды (таблица - 1). T-test-те келесі есептеулер жүргізілді:

*Нөлдік гипотеза ( $H_0$ ):* бейнежазбаға түскен және талдау жасаған топ оқушылары мен еркін монолог жүргізген топ оқушыларының сөйлеу дағдыларында айтарлықтай айырмашылық жоқ.

*Альтернативті гипотеза ( $H_1$ ):* бейнежазбаға түскен және талдау жасаған топ оқушылары мен еркін монолог жүргізген топ оқушыларының сөйлеу дағдыларында айтарлықтай айырмашылықтар байқалды.

*1-топ:* Рефлексиялық бейнебаян түсірген топ (n = 15)

*2-топ:* Бақылау тобы (n = 15)

*Тәуелді айнымалы:* Сөйлеу дағдыларын бағалау нәтижелері (Диапазон: 0-100).

Кесте 1 - тәжірибе нәтижесі

Қатысушылар	Рефлексиялық бейнебаян түсірген топ	Бақылау тобы
1	86	73
2	89	71
3	91	74
4	87	72
5	85	70
6	90	75
7	92	73
8	88	71
9	84	69
10	90	72
11	92	76
12	89	73
13	93	74
14	91	72
15	87	70
16	90	71

Берілген кестеден рефлексиялық бейнебаян түсіріп, оған талдау жасаған топтағы оқушылардың нәтижесі бақылау тобының оқушыларымен салыстырғанда неғұрлым жоғары екенін байқауға болады. Рефлексиялық бейнебаян түсіру және бейнебаян көру арқылы өздерінің сөйлеу дағдыларына талдау жасау экспериментке қатысушылардың монолог айту барысында жіберген қателіктерін байқауға, паразит сөздер немесе дыбыстарды қолдануын тоқтатуда қарапайым және тиімді әдіс екенін дәлелдеді. Оқушыларға деңгейлерін бағалап, жіберген қателіктеріне өз бетінше талдау жасату арқылы олардың сенімдіктерін арттыруға және болашақ жетістіктерге нақты бағдар көрсетуге болады.

**Қорытынды.** Білім алушыларды табысты оқытудың кілті - бұл оқу іс-әрекеті жүзеге асырылатын әдістер мен құралдарды жете білу, олардың жетістіктері мен мүмкіндіктерін дұрыс бағалау, тұлғаның дамып, жетілуіне қатысты қажетті қорытындылар жасау болып саналады. Ал рефлексия - бұл мақсаттарға жетуге көмектесетін маңызды механизмдердің бірі. Рефлексия тұлғаға өмірдің, іс-әрекеттің бейнелері мен мағынасын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Рефлексия өткенді түсінуге және болашақты болжауға жол ашады. Рефлексиялық қабілеттер неғұрлым дамыған болса, соғұрлым рефлексивті модельдер (әдістер), жеке тұлғаның дамуы мен өзін-өзі дамыту мүмкіндіктері соғұрлым көп болады. Демек, рефлексия жеке тұлғаның жаңа тәжірибеге ашықтығын қамтамасыз ететін білім беру процесіндегі инновация мен дамудың қайнар көзі.

Осылайша, ЖОО-дағы «Шет тілі» пәнін оқыту барысында өтілген тақырыптар бойынша қолданылатын рефлексиялық тәсілдер талдау мен жаңа ақпаратты жақсы игерудің ең тиімді әдісі болып табылады деген тұжырым жасауға болады.

Қорытындылай келе, оқу процесіне кредиттік жүйенің енгізілуіне және студенттердің өзіндік жұмыс көлемінің ұлғаюына байланысты болашақ маманды оқытуға рефлексивті көзқарасты дамыту кәсіптік педагогикалық білім беру сапасын арттырудың негізгі факторына айналып келе жатқанын атап өткен орынды. Әдіскер-оқытушылар рефлексияның шет тілі маманының жеке басының даму көзі ретіндегі маңыздылығын мойындағанына қарамастан, бүгінгі күні оқытудың рефлексивті әдістерін жүзеге асыру фрагменттік және біржақты сипатқа ие. Болашақ шет тілі маманын дайындау кезінде кәсіби рефлексияны жеткілікті қолдану мәселесі одан әрі егжей-тегжейлі зерттеуді қажет етеді.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Казиев К.О. Педагогические условия развития рефлексии будущих педагогов-психологов //Вестник Атырауского университета имени Халела Досмухамедова. – 2021. – №61(2). - С.35-41.
2. Маркова Н.В. Подготовка будущих учителей к активной профессиональной деятельности в процессе изучения курса педагогики: автореф. дис. ... канд. пед. наук. – М., 1994. – С.27.
3. Амирова А.С. Ғылым мен бастауыш білімнің қазіргі мәселелері. – А.: Ұлағат баспасы, 205. – 392 б.
4. Жұмбаева Ә.Е. Бастауыш сыныптарда синтаксисті дамыта оқыту сабақтарының жүйесі. – А.: РАДиАЛ, 2013. – 90 б.
5. Әлімов А. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері: оқу құралы. – А.: Кантана пресс, 2013. – 448 б.
6. Кенжебаева Т.Б. Болашақ мұғалімдердің зияткерлік әлеуетін дамыту: филос. док. (PhD) ... дис. – А.: 2014. – 170 б.
7. Курбатова О.В., Красноперова Л.Б., Солдатенко С.А. Рефлексия учебного занятия: методический аспект (для педагогических работников). - ГПОУ «Кемеровский аграрный техникум» имени Г.П.Левина. – 2017. – 44 с.
8. Zorin S.S. Formirovanie tvorcheskogo prostranstva i potenciala u detej v sisteme obrazovaniya [The formation of creative space and potential in children in the education system] // Vestnik Udmurtskogo universiteta. Ser. Filosofiya. Psihologiya. Pedagogika [Bulletin of Udmurd University. Series. Philosophy. Psychology. Pedagogy]. - 2015. - №1. - P.48-51.
9. Ступакова Г.В. Реализация рефлексивного подхода при обучении английскому языку в условиях модернизации образования [Электронный ресурс] // <https://xn--i1abbnckbmcl9fb.xnp1ai/%D1%81%D1%82%D0%B0%D1%82%D1%8C%D0%B8/417305/>
10. Дьюи Дж. Психология и педагогика мышления / Дж. Дьюи; пер. с англ. Н.М. Никольской. - Москва: Совершенство, 1997. - 568 с.
11. Таубаева Ш.Т. Введение в методологию и методику педагогического исследования: учебное пособие / Ш.Т. Таубаева. - Туркестан: Туран, 2007. - 190 с.




12. Рець М.С. Современный урок иностранного языка в условиях реализации ФГОС / М.С. Рець // Молодой ученый. – 2016. – №17.1. – С.46-50.

References:

1. Kaziev K.O. Pedagogical conditions for the development of reflection of future teachers-psychologists //Bulletin of Atyrau University named after Khalel Dosmukhamedov. – 2021. – №61(2). - P.35-41.
2. Markova N.V. Preparation of future teachers for active professional activity in the process of studying the course of pedagogy: abstract of the dissertation of the Candidate of Pedagogical Sciences. - Moscow, 1994. - P. 27.
3. Amirova A.S. Gylım men bastauysh bilimnin kazirgi maseleri. - A.: Ulagat baspasy, 2005. – 392 b.
4. Zhumabaeva A. E. System of classes for the development of syntax in primary grades. -A.:Radial, 2013. - 90 p.
5. Alimov A. Problems of using the interactive methodology in universities:a manual. -A.:Cantana press,2013.-448 p.
6. Kenzhebaeva T. B. Development of the intellectual potential of future teachers: Philos. Doc. (PhD) ... dis. – A.: 2014. - 170 p.
7. Kurbatova O.V., Krasnoperova L.B., Soldatenko S.A. Reflexio lectionis scholasticae: aspectus methodologicus (pro baculo docendi). - Kemerovo Agriculturae Technica Schola nomine gp Levin. – 2017. - 44 p.
8. Zorin S.S. Formirovanie tvorcheskogo prostranstva i potenciala u detej v sisteme obrazovaniya [The formation of creative space and potential in children in the education system] // Vestnik Udmurtskogo universiteta. Ser. Filosofiya. Psihologiya. Pedagogika [Bulletin of Udmurd University. Series. Philosophy. Psychology. Pedagogy]. - 2015. - №1. - P.48-51.
9. Stupakova G.V. Executio reflexive accessus in docendo anglico in context modernizations educations [resource Electronic] // <https://xn--i1abbnckbmcl9fb.xnp1ai/%D1%81%D1%82%D0%B0%D1%82%D1%8C%D0%B8/417305/>
10. Dewey J. Psychologia et paedagogia cogitandi / J. Dewey; traduzione a cura dei pp. N.M. Nikolskaya. - Moscoviae: Perfectio, 1997. - 568 p.
11. Taubayeva Sh.T. Introductio and methodologiam et methodologiam investigationis paedagogicae / Sh.T. Taubayeva. - Turkestan: Turan, 2007. - 190 p.
12. Retz M.S. Lectio moderna linguae alienae in contextu Executionis Status Educationis Foederalis Vexillum / Ms S. Retz // Iuvenis Physicus. – 2016. – №17.1. – P.46-50.

IRSTI 14.23.01

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2025.86.2.011>

Abdulina M.,<sup>\*1</sup>  Gavrish N.,<sup>2</sup>  Mamytbayeva Zh.<sup>3</sup> 

<sup>1</sup>Abai Kazakh National Pedagogical university, Almaty, Kazakhstan

<sup>2</sup>National Academy of Educational Sciences of Ukraine, Kyiv, Ukraine

<sup>3</sup>South Kazakhstan Pedagogical University named after Ozbekali Zhanibekov, Shymkent, Kazakhstan

## ICT COMPETENCE AND AI TOOLS AS KEY PEDAGOGICAL CONDITIONS IN THE TRAINING OF FUTURE PRESCHOOL TEACHERS

### Abstract

This study explores the integration of Artificial Intelligence (AI) tools in enhancing Information and Communication Technology (ICT) competence among future preschool teachers. As modern education is undergoing rapid transformations due to evolving standards and technological progress, the importance of equipping preschool teachers with ICT and AI skills is increasingly vital. The study examines the pedagogical conditions required to foster ICT competence, particularly in preschool education, and explores how AI tools can be used to improve both the professional development and teaching methods of preschool teachers. A two-group experimental design was employed, involving 102 future preschool teachers of Abai Kazakh National Pedagogical University. The experimental group incorporated AI tools into their teacher training, while the control group followed traditional methods. Pre- and post-assessments were conducted to assess the participants' digital literacy, pedagogical use of technology, and overall ICT competence. This study highlights the critical role of AI in modernizing teacher education and offers practical recommendations for integrating AI and ICT into curriculum design and teacher training programs to better prepare future preschool teachers for the challenges of modern preschool education.

**Keywords:** professional training, preschool teachers, ICT competence, modern teacher, pedagogical conditions.